

7 дәріс. Испания музейлері

Мақсаты: студенттерге Испания музейлерінің тарихы, олардың әлем мәдениетіндегі алатын орны туралы оқытып үйрету болып табылады.

Дәрістің жоспары:

1. Барселона. Каталония Ұлттық өнер музейі.
2. Мадрид. Прадо.
3. Мадрид. Тиссен-Борнемис жинағы.

Кілт сөздер: музеология, музейтану, көркемсурет, галерея, ЮНЕСКО, ICOM

Барселона. Каталония Ұлттық өнер музейі. Каталония Ұлттық өнер музейінің негізі 1934 жылы қаланған, қаладағы мәдениет орталығы болып саналады. Музей қоры қала аристократтарының коллекциясы негізінде құрылған. Музейге 1990 жылы Қазіргі заман өнері музейі қосылған. Экспозицияда XV-XVIII ғасырларға саятын қайта өркендеу, жаңа заман дәуірі туындылары, Каталония, Испания, Фландрия тарихына қатысты айғақтар, XIX-XX ғасырлар өнерінің озық үлгілері қойылған. Фрескалар коллекциясының ерекше түрлері сақталған. Музейде көркемсурет, нумизматика, фотоқұжаттар, кітапхана бөлімдері жұмыс істейді.

Мадрид. Прадо. Прадо әлемдегі ең ірі музейлердің бірі, испан корольдері Габсбург пен Бурбондар династиясының коллекциясы негізінде 1818 жылы құрылған, көпшілік үшін 1819 жылы ашылған. Музей қоры үшке бөлінеді: 1) испан корольдері коллекциясы, 2) шіркеулер қамқорлығымен жасалған туындылар, 3) сыйға алынған, мұрагерлікке өткен, сатып алынған экспонаттар. XVI ғасырда Карл V-нің билік құрған тұсында Испанияның Еуропа елдерімен мәдени байланысы күшейген, Ол Брюссельдегі сарайында Тициан, Моро сияқты белгілі суретшілер туындыларын сақтаған. Карл V-нің ұлы Филипп II король коллекциясын одан әрі толықтырған, Тицианға тапсырыс беруді жалғастырған, Иероним Босх жұмыстарын сатып алған. Қала сыртындағы Эль Прадо сарайына қойылған коллекцияны тек билік өкілдері мен элита ғана көре алған. Тек Эскорилдегі діни тақырыптағы жұмыстар экспозициясы ғана көпшілік үшін ашық болған. Коллекцияны нығайту ісінде Филип IV-нің рөлі зор, ол құнды өнер туындыларын сатып алуға жарлық берген. Сондай-ақ король сарайы суретшісі Веласкестің қор жинау ісіндегі еңбегі зор әрі өнер туындыларын таңдау, сатып алу ісінде кеңес беріп отырған. Веласкес Италияға сапарында Веронез, Тинторетто, Бассано жұмыстарын алып келген. Ағылшын королі Карл I-нің коллекциясынан көптеген картиналар сатып алған, солардың қатарында Монтеньидің «Құдай ана өлімі», Альбрехт Дюрердің «Автопортрет» атты құндылықтар бар. 1628 жылы Мадридке Нидерландыдан дипломатиялық миссиямен атақты Питер Пауль Рубенс келген, оның жұмыстары тек король қолына өтіп отырған. XVIII ғасырда испандық ойшылдар қоғамы көпшілік музей ашу туралы ой көтерген. 1814 жылы король Фердинанд VII көпшілік музей ашуға жарлық шығарып, оған Прадо паркінен жер бөлінген. Музей ғимараты неоклассицизм үлгісінде архитектор Хуан де Вильянуэв (1785-1808) жобасымен салынған. Наполеон

әскері шабуылы әсерінен ғимарат зардап шеккен әрі экспонаттардың біразы соғыс олжасына айналған. Музей қорында XI-XIX ғасырлардағы испан (Хайм Угет, Педро Берутпе, Эль Греко, Барталом Эстебан т.б.); итальян (Фра Анджелико, Андреа Мантеньи, Сандро Боттичелли, Джорджоне, Якоп Тинторетто, Микеланджело де Караваджо, т.б.), нидерланды (Үлкен Питер Брейгел, Рогир Ван дер Вейден, Ганс Мемлинг, Антонис Ван Дейк, Питер Пауль Рубенс, т.б.) көркемөнері туындылары сақталған. Рафаэльдің атақты «Кардинал портреті», «Крест тағу», «Мария мен Елизаветаның кездесуі», Тицианның атақты «Карл V-нің ат үстіндегі портреті», «Автопортрет», «Даная» туындылары осында қойылған. Көркемсуреттер мен мүсіндер саны 3400 бірлікті құрайды.

Прадо музейі XXI ғасырдың бас кезінен «жаңа музей» бағытының өзекті мәселелерінің бірі «тірі экспозиция» қалыптастыру мақсатында жұмыс жасап келеді. Музей залында мольберт алдында жұмыс жасап отырған Веласкестің, Фернандо VII отбасының шақыруымен жұмыс жүрген Гойяны, Эль Греконның «Шаруалардың табынуы», Босханың «Рахат бағында» атты жұмыстарын аяқтау сәтінен тірі көріністерді (актерлер немесе музей қызметкерлері) көруге болады. 1997 жылдан музей өзінің көлемі мен жұмыс аясын кеңейтуге бағытталған жобаларды іске асыруда. Жоба аясында қазіргі таңда Әскери музей Прадоға қосылды, музейдің XIX ғасыр көркемсуреттерін экспозицияланып келген Касон-дель-Буэн-Ретиро атты ғимаратының астынан үш қабатты жерасты музейі салынды, Сан-Херонимо шіркеуі уақытша көрмелер экспозициясына лайықталып қайта жабдықталды. Прадо музейінің жаңа экспозициясына 500 жаңа картина тұрақты түрде енуде.

Мадрид. Тиссен-Борнемис жинағы. Музей қоры кәсіпкер барон Генрих Тиссен мен оның ұлы Ганс Генрихтің жеке коллекциясы негізінде жинақталған, олар коллекция жинауға жастайынан кіріскен, 1993 жылы коллекцияны мемлекет мұрасына өткізген. Музей ғимараты 1771 жылы салынған Виллармос сарайында орналасқан. Тиссен коллекциясында XIII ғасырдан бүгінгі күнге дейінгі туындылар, соның ішінде, 800-ден аса көркемөнер полотносы бар. Экспозицияда Альбрехт Дюрер, Ян Ван Эйк, Клод Моне, Пьер-Огюст Ренуар, Якоп Тинторетто, Винсент Ван Гог, т.б. атақты шеберлер туындылары қойылған. 2005 жылы музей Кармен Тиссен коллекциясынан 200 картина сатып алған.

Мадрид. Паласио Реаль. Бұл — Испаниядағы ең көне коллекциялар жинағының бірі, ғимараты 1755 жылы архитектор Хуан Баутис жобасымен салынған король резиденциясында орналасқан. Сарайда 2800 зал бар, соның 50 залында коллекция жинағы экспозицияланған. Онда көне шеберлерден Питер Пауль Рубенс, Эль Греко, Батисто Тьепело, Антон Рафаэль Ментс, Франсиско де Гойя, т.б. туындылары қойылған. Залдардың өзі қолданбалы өнер туындыларының ескерткіштерін, испан, қытай ыдыстарын, жиһаздар, гобелендер, қару-жарақтар, т.б. қоса қамтиды.

Сұрақтар:

1. Мадрид Прадо музейінің бағыттары.

2. Барселонадағы Каталония Ұлттық өнер музейінің ерекшелігі.
3. Испаниядағы жеке коллекциялар жинағы.

Әдебиеттер:

1. Александро Беттанью, Кристофер Браун, Франсиско Кальво Серральер, Франсис Хэскелл, Альфонсо Э., Перес Санчес. Прадо. – М.: Слово, 2000.
2. Музей Прадо. Мадрид. – М.: Изобразительное искусство, 1971.